


*Жаңа түскен басылымдардың
виртуалды көрмесі*

№6, 2019


*Виртуальная выставка
новых поступлений
научных изданий*



Батырша - ұлы С. Дипломат жазбалары. 1-том. / Сайлау Батырша-ұлы. - Алматы: «Керемет медиа» баспа үйі, 2018.- Т. 1. - 480 бет.


Таңдамалы шығармаға белгілі дипломат, ҚРДипломатия қызметіне еңбек сіңірген қызметкер Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Сайлау Батырша-ұлының кеңес заманынан бастап дипломатия саласында атқарған ұзақ жылғы қызметі, ел тәуелсіздігі үшін күрес, мемлекеттік және қоғамдық істері туралы еңбектері енгізілді. Екі томдық кітаптың 1-томының бірінші бөлімінде Сайлау Батырша-ұлының еңбектері мен мақалалары берілген.

Еліміздің тәуелсіздік алар тұстағы және одан кейінгі дипломатиялық тартыстарда, бостандық жолындағы Мәскеумен батыл қадамдары баяндалады.




Қазыханова Б. Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов / құраст. /Ж.Ү. Әбдіқадырова, Е.Т. Жангельдин, Ә.Т. Сүлейменова. - Алматы: Қазақ университеті 2019 Ш.171.-316б.,сур.

Жинаққа белгілі ғалым, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия және логика бөлімінің түлегі, Қазақстандағы философия ғылымының эстетика саласының негізін қалаушы, қазақ қыздарының арасындағы алғашқы философия ғылымдарының докторы, «Жоғары мектептің еңбек сіңірген қызметкері» Б. Қазыханованың (1929-2016) өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне қатысты құжаттар, оның ғылыми мақалалары, баяндамалары, өмірі мен қоғамдық саяси қызметі жайлы әріптестерінің, шәкірттерінің, ұрпағының естелік әңгімелері енді.



Дәулетхан Ә. Өмірімнің арқауы - ел мен ерлер тарихы: публицистикалық, ғылыми-зерттеу мақалалар, жолжазбалар / Әлімғазы Дәулетхан. - Алматы: «Жания - Полиграф», 2018. - 424 б.

Тарих ғылымдарының кандидаты, танымал тарихшы, белгілі жазушы, журналист, саясаткер, тағдыр тәлкегін сан рет басынан өткізсе де мойымай, өзінің 75-жылдық ғұмырында шындық пен әділдік майданында қасқая қарсы тұрып, қазақ халқына, Тәуелсіз Қазақстанның төл тарихына, ішкі-сыртқы саясатына, журналистикасы мен әдебиетіне өлшеусіз үлес қосып келе жатқан автордың бұл жинағына соңғы жиырма жылда жазған публицистикалық және қазақ елінің жаңа тарихына жаңаша көзқараспен қарау мәселелеріне қатысты ғылыми-зерттеу мақалалары мен өмірбаяндық эсселері, сұхбаттары мен әсерлі жолжазбалары топтастырылған.



Әлібек Т. Халық әдебиеті және тарихи жад. Монография. - Алматы: 2018. - 284 бет.

Зерттеушінің бұл кезекті еңбегінде «Алпамыс батыр» эпосының шығу тегі, оның түркі халықтарындағы ұлттық нұсқалары мен ерекшеліктері, тарихи-типологиялық негіздері, тарихи аңыздар мен ауызекі әңгімелердің тарихилығы, Сүйінбай бастаған кейбір Жетісу ақындары шығармашылығының тарихи сипаты қарастырылады. Сондай-ақ қосымша бөлімінде автордың халық ақындарының мұраларына, сирек қорлардағы көне кітаптар мен қолжазбаларға қатысты зерттеулері енді.

Мұратова Г.И., Қарауылбаев С.Қ., Төреханова Г.И.
Python тілінде бағдарламалау: Оқу-әдістемелік құрал. - Тараз: Тараз университеті, 2018. - 56 б.


Оқу-әдістемелік құралда Python синтаксисі, қолдайтын деректер типі, кластармен, объектілермен жұмыс істейтін басқару құралдары сипатталған.

Ұсынылып отырған құралда Python тілінің негізгі ұғымдары - өрнек, оператор, функция, айнымалы, сан, жол, тізім, логикалық шамалар, типтерді түрлендіру, кодтың орындалуын басқару, блок, шартты өрнек, цикл, шартты цикл, тізім циклі, кластар, объектілер, түсініктемелер, модуль, пакеттер, импорттау, стандартты кітапханалар, сыртқы кітапханалар, Notepad мәтіндік редакторы ұғымдары мысалдар негізінде талданған.

Теориялық материалмен бірге тәжірибелік сабақтарды жүргізуге арналған бағдарлама мысалдары, интербелсенді интернет қорлар т.б. берілген.

СӨЖ орындауға арналған тапсырмалар бейнесабақтарға сілтеме жасай отырып құрастырылған.

Әдебиеттер тізімі интернет-қорлармен бірге ұсынылып отыр. Студенттің өз бетімен бағдарлама құрып үйренуіне үлкен мән берілген – тапсырмаларды орындау туралы нақты әдістемелік нұсқаулар берілген және қажетті тұстарында бағдарламаны орындау қадамдары мысалдармен, оларды орындағаннан соң экранға шығатын нәтижені көрсету арқылы ұғындырылған.






Ағайындылардың еңбек шежіресі: Мақалалар, Естеліктер./— Алматы: «Орхон» Баспа үйі. -2018. - 394 б.

Жалағаш, Қармақшы аудандарындағы алғашқы өнертапқыш, жаткист-комбайнер Жамбыл Балбыров, үздік мұғалім Жақсылық Майлыбаев, Ленин орденді күрішші, бригадир Әбен Тоғызбаев туралы әр жылдарда жазылған мақалалар, арнау өлеңдер, түрлі құжаттар топтастырылды.

Аталған кітаптан жүздеген еңбек ардагерлерінің сөздерін, 2 мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаев пен ізбасарлары жайлы оқи алады.



АТАМЕКЕН: ақпараттық-танымдық жинақ // Құраст. С.Итеғұлова. // - Алматы: «Palitra-press», 2018. - 144 бет.

Жинақта Қазақстанның ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері туралы мәліметтер беріле отырып, танымал археологиялық ескерткіштер, діни және ғибадат орындарына қысқаша шолу жасалған. Өлкеміздің бай табиғи, тарихи, туристік әлеуетін таныту мақсатында қолданылған иллюстрациялық материалдар жинақтың тартымдылығын арттырады.

Жинақты еліміздің тарихы мен табиғаты қызықтыратын жалпы көпшілік қауым пайдалана алады.



Ә.Б. Дербісәлі Мұхаммед Хайдар Дулати - көрнекті руханият және ғылым қайраткері: Монография - Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018.-260б.

«Қазақстандық исламтану мектебін дамытуға қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу» тақырыбы бойынша грант аясында жарық көрген монографияның 1 томы

Кітап Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ жүргізген грант аясында жарық көріп отыр.




Қилыбай Үсенұлы Медеубековтың туылғанына 90 жыл толу құрметіне арналған: «ҚР ҰҒА академигі Қ.Ү.Медеубековтың Қазақстанның аграрлық ғылымын дамытуға қосқан үлесі» атты ғылыми конференциясының бағдарламасы. - Алматы: Ғылым ордасы, 2019. - 110 б.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Қилыбай Үсенұлы Медеубеков артында ірі ғылыми мұраларды қалдырды. Жоғары саналылығының, мәдениеті мен жан сұлулығының өшпес әсерін қалдырған осы бір керемет адамның өмірін бүкіл жұлдызды аспанда айрықша терең із қалдырып жарқ етіп жанып өткен жарық жұлдызға теңеуге болады!




Қазақстан Республикасының кітапхана ісіне байланысты нормативтік-құқықтық құжаттар жинағы - Сборник нормативно-правовых документов по библиотечному делу Республики Казахстан / құраст.: А.К. Байдарова; ред. Г.А. Маханбетова; жауап. ред. А.Х. Юсупова. - Алматы, 2018. - 240 б. - Қазақ, орыс тілдерінде.



«Мен қазақтың баласы».; Мамытбек Қалдыбай /Деректі Роман /. - Алматы, - 2018 - 444 бет


Белгілі жазушы Мамытбек Қалдыбайдың бұл жаңа кітабында даңқты колбасшы, әскери ғылымның білгірі Бауыржан Момышұлының жайшылықтағы мінез-құлқы, тапқырлығы мен шешендігі, ұлтшылдығы мен ойшылдығы, өскен орта ерекшелігі, елдік намысқа нұқсан келер жерде бет-жүзіне қарамай айтатын турашылдығы бейнеленген. Жиырма бір жыл қоян-қолтық араласып, тәлімін көрген, әрқилы жағдайдағы айтқан әңгімелерін тыңдап, көңіліне түйген автор Баукеңнің ішкі әлемінің жұртқа беймәлім сырын мүмкіндігінше кеңінен аша түскен.

Кітапқа енген туындылар тың, тілі көркем, оқиғасы қою, талғампаз оқырман жан дүниесін баурап аларлық тәрбиелік, танымдық мәні терең.



Әбдірайымов С. Шөл және адам / С.Әбдірайымов. - Алматы, 2019.- 112 б. 4- 16 б. сурет.

Ұсынылып отырған кітап қуаңшылық аймақта мал шаруашылығымен айналысатын ғалымдар мен осы салада жұмыс істейтін мамандарға арналған. Кітапта малазығындық өсімдіктердің қысқаша сипаттамасы мен суреттері берілген.



Нұрбай Мұсабекұлы. Қазақ асқағы. Өлеңдері мен әндер жинағы. - Алматы: «Өнер» баспасы, 2019.-212 бет.


Нұрбай Мұсабекұлының «Көңіл көктемі» (2007 ж.), «Азиада» (2010 ж.), «Жыр тасқан» (2013 ж.), «Жүрек саған асығады» (2017 ж.), өлең, ән кітаптарындай, бұл «Қазақ асқағы» (2019 ж.), кітабында, өлеңдері мен әндері жарық көрді.

Аудио кассеталарға жазылған ән саздары қазақ ұлтына тән сезім толқындарын сақтап, осы күнгі шарықтау иірімдерімен өрнектелген. Жаныңызды рахатқа бөлеп, қазақ сазының ұлылығын, ауқымдығын сезім қалтарыстарын бебеулетіп паш етеді. Өлеңдері мен әндері, махаббат лирикасымен, өмірлік сан-сапалық жүрек толғаныстарына бай.

Кітапта қазақ ұлттық тарихының кезеңдік зерттеулер қорытындылары жалғасын тапқан.

Сәукетаев Т.


Желқайық. Роман/ Тұрысбек Сәукетаев. - Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2019. - 580 б.



Жазушы Т. Сәукетаевтің соңғы уақытта заманымыздың соқталы кезеңдерін суреттейтін «Қилы тағдыр» атты романдар циклін жазып жүргені көзі қарақты оқушы қауымға жақсы таныс. «Желқайық» романы - сол цикльдің үшінші кітабы, иәки «Айқараңғысы», «Бұлағай» романдарының жалғасы.

«Желқайық» - көп салалы, күрделі роман. Азаттық қарсаңындағы казак қоғамының әлеуметтік халі, рухани болмысы психологиялық кең ауқымда көркемдік қуатпен барынша шынайы суреттелген. Шығармада жас ғалым Бахтияр-Зуһра, өмірін ғылымға арнаған фанатик Ахметов, бір кезде партия, заң органдарында қызмет етіп кейіннен ғылымға келген, қылмыс әлемімен астыртын жалғасқан жымысқы Аманбаев, тағдыры аянышты Мотя тәтей, «Сыған» т.б. бірнеше сюжеттік линия бар. Әр желі өмір құбылыстарының түрлі аспектілерін кең қамтып, өзеннің тарам-тарам саласындай бір арнада тоғысып отырады. Кейіпкерлердің қым-қиғаш тағдыры арқылы автор өмірдің небір шытырман қалтарыстарына терең барлау жасап, бүгінгі қайшылыққа толы болмысымыздың шынайы бейнесін айшықтауға талпынған.

Шығарманың тілі жүрдек, бояуы қанық, жазылу үлгісі автордың өзіне тән дара машығын айқындайды. Белгілі әдебиет сыншысы Р.Әбдіғұловтың сөзімен айтсақ: «Желқайық» - жаңа казак романистикасының бөлек сападағы айқын жақсы үлгісі...»




Досанов С.

Он екі томдық таңдамалы шығармалары: 5 том. Жиырмасыншы ғасыр. Роман-эпопея. Екінші кітап. - Алматы: «Арда+7», 2019.

5-том. - 528 бет.

Қазақтың әйгілі жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың және М. Шолохов ат. Халықаралық сыйлықтың лауреаты С. Досановтың он екі томдық шығармаларына таңдамалы еңбектері енгізілді.

Жазушының 5 томына «Жиырмасыншы ғасыр» роман-эпопеясының екінші кітабы берілген.



Досанов С.

Он екі томдық таңдамалы шығармалары: 6 том. Жиырмасыншы ғасыр. Роман-эпопея. Үшінші кітап. - Алматы: «Арда+7», 2019.

6-том - 624 бет.

Қазақтың әйгілі жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың және М. Шолохов ат. Халықаралық сыйлықтың лауреаты С. Досановтың он екі томдық шығармаларына таңдамалы еңбектері енгізілді.


Жазушының 6 томына «Жиырмасыншы ғасыр» роман-эпопеясының үшінші кітабы берілген.



Төлепбайұлы Тынымбай.

Шырғалаң. Роман/ Тынымбай Төлепбайұлы - Алматы. Мер-PRESS баспасы, 2018 - 380 б.


Жазушы Тынымбай Төлепбайұлының «Шырғалаң» атты романы кешегі кеңестік кезенді суреттейді. Шығармада жас маманның алғашқы еңбек баспалдақтары, басынан кешкен қызықты оқиғалары, сезім толғаныстары шебер суреттеледі, социализм дәуірінің күйреу себептері талданып сараланады. Роман кейіпкерлерінің сүйініш-күйініші, тағдыр-талайы әдемі баяндалып оқырманды ойландырады.



Оразалин Н.

Көкжал дәуір: таңдамалы жырлар/ Нұрлан Оразалин. - Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2019. - 580 б.


Көрнекті қазақ ақыны, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Нұрлан Оразалиннің «Көкжал дәуір» - «Время волчица» деп аталатын қазақ және орыс тілдеріндегі таңдамалы жыр кітабына әр жылдарда жарық көрген «Сырнайлы шақ», «Жерік түндер», «Арғымақ ойлар», «Беймаза көңіл», «Жетінші кұрлық», «Адамзатқа аманат», «Құралайдың салқыны», «Ғасырмен қоштасу», «Аспантаудан ауған күз», «Тәңірмен тілдесу» жыр жинақтарынан аударылған өлеңдер енгізілді.



Медеу ауданының 100 үздік мұғалімі. 100 лучших учителей Медеуского района/Алматы: АҚЫА-В, 2018-172 б.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен елімізде 2017 жылдан бастап «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы қолға алынған болатын. Жобаның міндеті - Тәуелсіздік алған жылдардан бері мемлекетіміздің дамуына елеулі үлестерін қосып жүрген әр саланың майталмандарын көпке таныту. Осы игі бастаманы жүзеге асыру мақсатында қоғамда жетістікке жетіп, еңбегімен, біліктілігімен көзге түскен азаматтар жобаға енгізілуде.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Президент мақаласында көрсетілген «100 жаңа есім» жобасының өңірлік нұсқасын жасау» туралы міндет Алматы қаласында да бастау алды. Қолдарыңыздағы жинақ - аталмыш міндетті орындаудағы алғашқы қадамдардың бірі. Медеу ауданы бойынша білім саласында қажырлы еңбек етіп, бала тәрбиелеу мен оқытуда табысты жұмыс атқарған ұстаздар осы жинаққа еніп отыр. Бүкілелдік ауқымда атқарылып жатқан бұл жоба мұнымен тоқтамай, әрі қарай аудан бойынша үздік түлектердің, үздік оқушылардың есімдерімен жалғасатын болады.



Уразалиева М.А. Мүмкіндігі шектеулі балаларға музыкалық тәрбие берудің ерекшеліктері /Монография. - Алматы: ЖК «Балауса» баспасы, 2017. — 230 бет.

Монографияда мүмкіндігі шектеулі қоғам мүшелерінің, соның ішінде мектеп жасындағы ақыл-ойы кенжелеп қалған баланың қоршаған ортаға бейімделуі мен музыка өнері арқылы тәлім-тәрбие беру ерекшеліктері, мүмкіндігі шектеулі баланың дамып жетілуіндегі әуен-саздың әсер ықпалы қарастырылады. Болашақ музыка пәні ұстаздары мен жалпы педагог мамандарының мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасау мәселесі сарапталып, әдістемелері сипатталады.



25 лет идеи евразийской интеграции Н.А. Назарбаева (в оценках экспертов КИСИ при Президенте РК). - Нур-Султан: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2019. - 296 с.


Книга посвящена 25-летию идеи евразийской интеграции, озвученной Первым Президентом Республики Казахстан - Елбасы Н.А. Назарбаевым в стенах Московского государственного университета имени М.В. Ломоносова 29 марта 1994 года и 5-летию подписания Договора о создании Евразийского экономического союза 29 мая 2014 года.


В сборник вошли ключевые выступления Первого Президента Республики Казахстан - Елбасы Н.А. Назарбаева, статьи, интервью директоров и сотрудников КИСИ, опубликованные ранее в научных изданиях и СМИ, а также библиографический список литературы и исследований казахстанских, российских и зарубежных авторов по евразийской интеграции.

Лия Фришман. Дневник. Летопись минувших событий / Составители: Ю.Я. Серовайская, С.Я. Серовайский. - Алматы: «Издательство LEM», 2018,- 172 с.: 16 л. ил.

В книге опубликована рукопись Дневника Л.С. Фришман (1921-2010) - историка-востоковеда, педагога, лектора и поэтессы, хранящаяся в семейном архиве Серовайских. Дневник относится ко времени Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. и охватывает период с 21 июня по 11 октября 1941 года. Автор Дневника - Лия Фришман была тогда 20-летней девушкой, москвичкой, студенткой исторического факультета Московского государственного университета имени М.В. Ломоносова.


Дневник Лии Фришман является заслуживающим внимания историческим источником, как дневник очевидца повседневной жизни москвичей в первые часы, дни и месяцы от начала войны и пережитых событий в период оборонительного этапа Битвы за Москву.





Артыкбаев Ж. Абылай хан / Ж. Артыкбаев. - Нур-Султан: Фолиант, 2019. - 400 с.

Абылай хан (1713 - 1781) — выдающийся хан казахов. Отпрыску одной из династий казахских чингизидов с малых лет судьбой было уготовано стать участником многих исторических событий XVIII века. Он был не только свидетелем взлетов и падений своей страны, но и руководителем и вдохновителем ее возрождения как государства. В книге рассказывается о жизненном пути Абылая, его учителях и наставниках, событиях внутренней жизни общества и о многочисленных войнах, которые в XVIII веке вели казахи.



Гидрогеология: Учебник / С. Бакирова - 2-е изд., доп. - Астана: Фолиант, 2019.-224 с.

В учебнике рассмотрены вопросы общей, нефтегазопромысловых и нефтепромысловых гидрогеологии. Освещены основные сведения о формах существования, происхождении, химическом составе, классификации и условиях залегания подземных вод, их динамике и геологической деятельности. Излагаются основные понятия о гидрогеологической и гидрохимической зональности, цикличности, гидрохимических нефтепоисковых показателях, методике составления гидрохимических и гидрогеологических карт, методах гидрогеологических исследований. Охарактеризованы гидрогеологические особенности ряда нефтегазоносных бассейнов.

Хомичев В.Л. Рудно-магматическая система медно-молибденовых месторождений [текст]. - Новосибирск: СНИИГГиМС, 2018. - 297 с.

Сокращающийся резерв легкокрываемых месторождений стимулирует исследования по прогнозу и поискам скрытого оруденения. Проблему эту нужно решать на основе генетических моделей рудных формаций. Для медно-молибденовых месторождений генетическая связь с гранитоидами очевидна, но характер связи не совсем ясен. Причины тому рассмотрены в монографии «Петрологическая основа гранитоидных рудно-магматических систем». Главные из них: 1) несостоятельность гипотезы автономного корового палингенного гранитообразования и 2) мы не знаем внутреннего строения плутонов и предпосылок образования связанных с ними рудно-магматических систем.

Благодаря разработанной в СНИИГГиМСе программе Geolab, достигнуты определенные успехи. Установлено, что:


- Гранитоидные плутоны представляют собой межформационные расслоенные лополиты на спае разнородных сред, верхняя маломощная часть которых сложена гранитоидами, а большая нижняя - габброидами.

- Гранитоиды образовались в результате внутрикамерной дифференциации исходной базитовой магмы, а лейкограниты внутри них представляют собой конечные члены дифференциации.

Концептуальная петрологическая основа гранитоидных рудно-магматических систем реализована на медно-молибденовых месторождениях. На крупных эталонных объектах показано, что под каждым из них на глубине 2-4 км находится область низкоплотных немагнитных пород, которая интерпретируется не иначе как остаточный очаг лейкократовых гранитов. От него точно к месторождению поднимается штокапофиза, в вершине которой находится зона рудоотложения (в том числе скрытого). Размер очага - главный фактор оценки его ресурсного потенциала. На медно-порфировых месторождениях удельная рудоотдача составляет 3 тыс. т $\text{Cu}/\text{км}^3$, на молибден-порфировых - 650 т $\text{Mo}/\text{км}^3$. Таким образом, появилась возможность объективно полуколичественно оценить значимость перспективных зон, рудных узлов и локальных участков.

Глубинное геолого-геофизическое моделирование РМС - новое эффективное направление прогнозно-поисковых работ на скрытое оруденение.

Табл. 17, рис. 105, список лит. 239 назв.





Сарсембеков Н.Т., Сарсембеков В.Т.

Законодательно-правовое обеспечение научно-технической и инновационной политики Китайской Народной Республики. Сборник законодательных актов КНР / Составители: Н.Т. Сарсембеков, В.Т. Сарсембеков. - Алматы: SERVICE PRESS 2018 - 384 с.


В сборник включены, в авторском переводе с китайского, важнейшие законодательные акты Китайской Народной Республики в сфере образования, научно-технической и инновационной политики.



Исабеков С.Е. «Модели и версии когнитивной лингвистики»:

Учебное пособие. - Алматы: Издательство «Полилингва» КазУМОиМЯ имени Абылай хана, 2018. - 464 с.

Несомненным достоинством работы является многоаспектность её проблематики, её адресованность филологам и ориентированность на практическую применимость материала, а также широкое использование работ зарубежных авторов. Работа в её теоретической и практической части убеждает, в общем, в правильности методологических суждений автора по проблеме развития когнитивистики и в оригинальности научного исследования по проблеме основ когнитивной лингвистики в иноязычном образовании.



Сужиков Б.М. Очерки зарубежной историографии Казахстана в XIX-XX вв. - Алматы: «Үш қиян», 2019. - 324 с.

Книга представляет серию очерков, написанных известным казахстанским ученым Б.М. Сужиковым и посвященных актуальным проблемам зарубежной казахистики.

На обширном теоретическом и эмпирическом материале им рассматривается ряд вопросов, касающихся проблем двуязычия в западной советологии, национальной идентификации и динамики этнических процессов в зарубежных центрально-азиатских исследованиях, эволюции взглядов евроамериканской историографии XX-начала XXI вв. на полиэтничный проект социалистического государства и модернизации казахского аула в первой половине прошлого столетия. Представлены рефераты зарубежной литературы по истории Центральной Азии, составленные на основе изучения Б.М. Сужиковым англоязычных публикаций известных представителей евроамериканской историографии.




Рузуддинов Н.С., Амантаев Б.А. и др. Первому стоматологическому факультету Республики Казахстан 60 лет (юбилейный альманах)/ Н.С. Рузуддинов, Б.А. Амантаев и др. - Алматы: Национальный медицинский университет, 2019. - 208 с.

Книга «Первому стоматологическому факультету Республики Казахстан 60 лет (юбилейный альманах)» посвящена 60-летию стоматологического факультета или Школе стоматологии Казахского национального медицинского университета им. С.Д. Асфендиярова. Данный факультет впервые начал готовить специалистов с высшим образованием по стоматологии в Казахстане. Школа стоматологии является основоположником научной педагогической школы в Казахстане по стоматологии. Юбилейная книга является свидетельством успехов и достижений коллектива факультета и его устремление в будущее.


Ковшарь А.Ф.

Птицы Тянь-Шаня (западной половины горной системы в пределах Казахстана, Кыргызстана, Узбекистана, Таджикистана). В 2-х томах. - Алматы, 2019.

Том 1: Неворобьиные. - 560 с. + 16 с. цветных вклеек. Библ. 1355 назв.




Первая часть монографии, написанной по материалам многолетних (1959-2015) полевых исследований автора в разных местах среднеазиатской части Тянь-Шаня с критическим использованием всех доступных публикаций по птицам этого региона, содержит полное описание фауны неворобьиных птиц (236 видов), относящихся к 20 отрядам: Курообразные, Гусеобразные, Гагарообразные, Пеликанообразные, Аистообразные, Фламингообразные, Поганкообразные, Соколообразные, Журавлеобразные, Ржанкообразные, Рябкообразные, Голубеобразные, Попугаеобразные, Кукушкообразные, СOVOобразные, Козодоеобразные, Стрижеобразные, Ракшеобразные, Птицы-носороги и Дятлообразные. Главное внимание уделено динамике распространения и численности каждого вида, а также срокам пребывания их в пределах данного региона, особенно для мигрирующих видов. Констатируется также степень изученности биологии того или иного вида в пределах среднеазиатской половины Тянь-Шаня. В общей части приведены история орнитологических исследований и краткое физико-географическое описание региона.



Байпаков К.М., Ерофеева И.В., Казизов Е.С., Терновая Г.А. История религий в Казахстане (древность и средневековье) / Алматы: Service Press, 2018. - 553 с., 567 илл.

Книга содержит результаты многолетних работ - проанализированные и обобщенные материалы по истории религий и культов Казахстана в древности и средневековье. Это первое специальное комплексное исследование, в котором последовательно рассмотрены ранние формы религиозного сознания: тенгрианство, маздеизм, манихейство и мировые религии — буддизм, христианство, ислам. Сакральный мир показан на конкретном материале - памятниках, получивших известность благодаря работам археологов, реставраторов, историков. На протяжении тысячелетий прослежены признаки сближения, взаимодействия и взаимопроникновения разных религий и культур.



Барлыбаева Г.Г. Философская этика казахов / Под общ.ред. А.Х. Бижанова. - Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2018.-276 с.

Книга посвящена анализу проблем и перспектив философской этики казахов, начиная с тюркской философии как духовного истока, и до наших дней. Автором проводится историко-философский анализ этических воззрений казахских мыслителей эпохи борьбы за независимость, этических учений Абая и Шакарима как квинтэссенции казахской философии, восстанавливаются утраченные страницы философского наследия казахского народа. Кроме того, автором предпринята попытка показать казахскую философскую мысль в контексте развития реалий современности, раскрывая толерантность как этический принцип казахской философии и значение философской этики казахов в духовном возрождении независимого Казахстана.



Актуальные проблемы науки и образования на современном этапе: материалы Международной научно-практической конференции / Алматы: КазНПУ имени Абая, издательство «Ұлағат», 2018 г.

Том-I. - 344 с.

Том-II. - 274 с.

В данном сборнике собраны материалы международной научно-практической конференции, посвящённой 80-летию со дня рождения академика Национальной академии наук Республики Казахстан, доктора исторических наук, профессора Токмухамеда Сальменовича Садыкова.